

**СОӨЖ № 1. Тақырыбы:** *Иордан «Гетика». Деректі талдау.*

**Сабақ мақсаты:** Батыс Еуропадағы феодалдық қатынастардың генезисін түсіну үшін, жазба деректерден қажетті мәліметтер жинақтауға үйрету.

**Өткізу түрі:** аралас (ауызша мазмұнын сұрау және конспект тексеру)

**Тапсырмалары, сұрақтары:** Иорданның «Гетика» еңбегіне конспект жасау және ауызша дайындалу.

**Орындауға қатысты методикалық ұсыныстар:** «Гетика» еңбегінің орысшаға аударылған вариантын толық оқу, түсіну, қажетті тұстарын, (германдықтарға байланысты, әсіресе гот тайпаларына байланысты) конспектилеу. «Гетика» еңбегі германдықтарға байланысты жазба дерек болғандықтан студенттің дәрісте және семинар сабағында алған германдықтарға қатысты білімін тереңдетеді.

**Әдебиет:** Иордан Гетика. Пер.Е.Ч.Скрижинской М., 1990.; Хрестоматия по истории средних веков.

**Бакылау түрі:** Конспект тексеру, ауызша сұрау.

**Тапсыру уақыты:** 3 апта

**Жоғарғы баллы:** 25 балл.

**СОӨЖ № 2.**

**Тақырыбы:** *Батыс Еуропадағы феодализм генезисі.*

**Сабақ мақсаты:** Жазба жұмысқа үйрету

**Тапсырмалары, сұрақтары:** «Батыс Еуропадағы феодализм генезисі» атта тақырыпқа реферат жазу

**Орындауға қатысты методикалық ұсыныстар:** Орта ғасырлар феодализм генезисімен тығыз байланысты. Реферат жазған кезде теориялық мәселелерге көңіл аудару қажет. Жоғары оқу орындарында жазба жұмыстарға қойылатын талаптарды сақтай отырып жазу қажет. Тақырып студенттік теориялық білімін кеңейтеді.

**Әдебиет:** Гуревич А.Я. Проблемы генезиса феодализма в Западной Европе. М., 1970.

**Бакылау түрі:** Рефератты тексеру.

**Тапсыру уақыты:** 7 апта

**Жоғарғы баллы:** 25 балл.

**СОӨЖ № 3.**

**Тақырыбы:** *Ортағасырлар тарихына қатысты терминдерді игеру.*

**Сабақ мақсаты:** Дәрісте, оқулықтарда кездесетін терминдердің мағынасын түсінуге үйрету.

**Тапсырмалары, сұрақтары:** Дәрісте, семинар сабақтарында, оқулықтар мен зерттеулерде кездескен Батыс Еуропаның ерте ортағасырлар тарихына қатысты терминдерге түсіндірме жазу.

**Орындауға қатысты методикалық ұсыныстар:** Терминдерге түсіндірмелер жазуда тарихи сөздікті, орта ғасырлар тарихының терминдер сөздігін қолдану керек.

**Әдебиет:** Исторический словарь. М., 1990.; Орта ғасырлар тарихының терминдері. Алматы, 1991.

**Бакылау түрі:** Терминдер жазған дәптерді тексеру және ауызша сұрау

**Тапсыру уақыты:** 9 апта

**Жоғарғы баллы:** 15 балл.

**СӨЖ №4.**

**Тақырыбы:** *Қайта Өркендеу идеологиясы: Еуропалық дүниетанымдағы төңкеріс*

**Сабақ мақсаты:** Еуропа қоғамында көрініс алған Қайта Өркендеу процесінің сипаты мен қоғам дамуына әсерін анықтау.

**Тапсырмалары мен сұрақтары:**

1. Қайта Өркендеудің тарихи алғышартына анализ жасау, Еуропа қоғамының Өркениеттік дамуындағы бұл көріністің орнын анықтау.

2. Қайта Өркендеудің хронологиялық шеңберін анықтау, «Проторенессанс» (дученто), «Ерте Өркендеу»(треченто, кватроченто), «Жоғарғы Өркендеу» (чиквиченто) түсініктерінің мазмұнын ашу.

3. **[Мәселені екі топтың қатысуымен іскер ойын методикасы тұрғысында зерттеу].** Инквизицияның соттық процесін көрсете отырып, пікірталас түрінде Ренессанстың дүниетанымдық негізін талдау (гуманизм, антропоцентризм, натурфилософия, историософия, шіркеуге қарым-қатынас). Осы дүниетанымдық ұстанымдарды қорғау мақсатында өз негіздеме жүйесін құру және сол кезеңнің дәстүрлі қоғамы мен шіркеу көзқарасы тұрғысынан бұл ұстанымдарды жоққа шығару.

4. Қайта Өркендеудің әлеуметтік философиясы мен саяси құқықтық идеологиясының ерекшеліктерін қарастыру. Жалпы санадағы негізгі ұстанымдарды анықтау. **[Баяндама жасау: Н. Макиавелли. Т. Кампанелла].**

5. Қайта Өркендеу философиясы шеңберінде жаратылыстанулық ғылыми ойдың дамуындағы ерекшеліктерді анықтау. **[Баяндама жасау: Л. Да Винчи. Н. Коперник].**

6. **[Ғылыми сынақ проектілер методикасы негізінде топ бойынша тапсырмалар]:** Қайта Өркендеудің аймақтық бағыттағы ерекшеліктеріне анализ жасау. Еуропалық қоғамның ортақ өркениеттік дамуындағы орнын анықтау. Мысалы:

- Италияндық Өркендеу.
- Солтүстік Өркендеу.
- Ағылшындық Өркендеу.
- Испандық Өркендеу.

**Орындауға методикалық нұсқаулар:** Ең алдымен Қайта Өркендеу процесінің жалпы дамуын, сипатын, негізгі мазмұнын толық білу қажет. Ол үшін дәрісте берілген материалдар мен оқулықтан осы тақырыпты толық оқу қажет. Қосымша әдебиеттер арқылы Қайта Өркендеудің түрлерін аймақтық ерекшеліктерін білу керек. Тақырыптың белгілі бір мәселесіне байланысты баяндама дайындаған кезде деректерге, тарихнамаға көңіл аударылады. Баяндаманы оқып тұрған көп уақыт алатындықтан және қағаздан оқылған баяндама тыңдаушылардың қабылдауын қиындататындықтан, баяндаманың негізгі ұстанымдарын ауызша жеткізу ескерілуі қажет. Сондықтан, баяндама мазмұнын жеткізгенде қандай мәселе міндетті түрде аудиторияға айтылуы қажет, соны ескеру керек. Міндетті түрде студент Қайта Өркендеу өкілдерімен, өмір жолдары мен қызметі, еңбектері туралы материалдармен таныс болуы керек.

#### **Әдебиет:**

Баткин Л.М. Итальянское Возрождение в поисках индивидуальности. М., 1989.

Баткин л.М. Итальянские гуманисты: Стиль жизни, стиль мышления. М., 1978.

Брагина Л.М. Социально-этические взгляды итальянских гуманистов. М., 1983.

Герси Т. Шедевры немецкого Возрождения. М., 1984.

Горфункель А.Х. Философия эпохи Возрождения. М., 1980.

История политических и правовых учений. Средние века и Возрождения. М., 1986.

История средних веков. Т.2. Под ред. С.П. Карпова. М., 2005.

Новая и новейшая история стран Европы и Америки. Т. 1. М., 2000. С. 111-115.

**Қабылдау уақыты:** 12 апта.

**Бағасы:** 15 балл.

**БӨЗ 5.** Коллоквиум. Ришелье. Автор: Франсуа Блюш. Биография – Еңбекпен танысып, талдау.

**Қабылдау уақыты:** 14 апта.

**Бағасы:** 20 балл.